

## 5-МОДУЛЬ. ТҰЛҒАНЫҢ ЖЕКЕ ДАРА-ТИПОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУДАҒЫ РӨЛІ

### 5-ДӘРІС. ТҰЛҒА ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ТЕМПЕРАМЕНТ, МІНЕЗ ЖӘНЕ ҚАБІЛЕТ

Аға оқытушы Сайлинова Қ.Қ.

**Табыс** дегеніміз аналитикалық, практикалық және шығармашылық ойлаудың оңтайлы үйлесімі. Табысқа жеткен ақыл иелері өздерінің артықшылықтарын барынша біліп, кез-келген жағдайда сауатты әрекет етуді біледі.

**Темперамент** туа пайда болатын факторларға шартталған, ол өмірлік тәжірибе мен тәрбиеге тәуелді емес. Адамның өмір жолында жетістіктерге жетуіне орай шешім қабылдауы, іс-қимылдардың жылдам және баяу орындалуы, есте сақтау сапасы мен эмоция күші, көңіл-күйдің өзгерісі темперамент типтерімен байланысты.

**Темперамент** (латын тілінен аударғанда *temperamentum* – тиісті бөліктердің қатынасы) – психикалық процестердің өтуінің динамикалық ерекшеліктерін және белгілі бір жағдайда адамның іс-қимылын түсіндіретін психика ерекшеліктері.

Темпераменттің негізін салған ежелгі грек дәрігері Гиппократ (б.з.д.460-377 жж.) темпераментке алғаш түсініктеме беріп, оны негізінен жүйке жүйесінің қасиеттерімен емес, ағзада әр түрлі сұйықтықтардың (қан, шырын, сары және қара өт) біреуінің басым болуымен байланыстырған. Ағзадағы осы сұйықтықтардың бірінің басымдығы адамның темпераментін анықтайды: қан басым болса – сангвиник, шырын басым болса – флегматик, сары өт басым болса – холерик және қара өт басым болса – меланхолик айқындалады деген.

Темпераменттің екі сипаты бар:

- 1) Белсенділік, бұл адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсуі. Ол адамның қозғалыс ырғағында, шапшаңдығында және қарқынында көрінеді.
- 2) Эмоциялық, ол сезімталдылық пен импульсивтіліктің әсер етуімен анықталады.

Темпераментті адам ағзасының ерекшеліктерімен байланыстыра білген ғалымдардың бірі И.П.Павлов болды. Оның түсіндіруі бойынша, темпераменттің қасиеттері адамның жоғарғы жүйке әрекетіне байланысты дейді.

Осы ерекшеліктерге мыналар тән:

- 1) Жүйке жүйесінің күші. Мұнда жүйке клеткаларының жұмыс істеу қабілеттілігі, шартты байланыстарды қалыптастыра білу дегенді түсіндіреді.
- 2) Қозу мен тежелу процесін біркелкі сақтай білу.

3) Қозғалғыштық-бір-бірін тез алмастыра білетін жүйке процестерінің қабілеттілігі. Кенеттен өзгерістер кезіндегі болған сәттерде жүйке жүйесінің күшін, қозу мен тежелуін қамтамасыз етеді.

Темперамент адамның жоғарғы жүйке әрекетіндегі күшіне, тепе-теңдігі мен белсенділігіне байланысты дейді.

**Темперамент типтерінің сипаты:**

**Сангвиник**– қызу қанды, іскер адам, белсенді, қоғамдық жұмыстармен, саясатпен, актерлік шеберліктермен байланысты кәсіптерді таңдайды.

**Холерик**– аса қозғалғыш, бірбеткей, қызба және ұстамсыз адам, үздік жетекші, спортсмендер, өнертапқыштар.

**Флегматик**– ұстамды, төзімді, салмақты, жұмыста орындаушы практик бола алады.

**Меланхолик**– тұйық, адамдардан оқшау жүргенді жақсы көреді. Өте сезімтал, шығармашылық адамдары.

И.П. Павлов осы төрт темпераменттің негізі жоғары жүйке әрекетінің ерекшеліктермен байланысты деген қорытындыға келді.

Б.М.Тепловтың зерттеуінше, жоғарғы жүйке жүйесі мен мінез-құлыққа тән «бейне», яғни темперамент типі арасында қарапайым біртүрлі тәуелділік болмайды деген. Жүйке жүйесінің құрамы нақты мінез-құлық формаларын алдын-ала болжай алмайды, алайда белгілі бір мінез-құлық формасын құрайтын негіз жасайды.

Б.М.Теплов темпераментке келесідей анықтама береді: "Темперамент дегеніміз бір жағынан эмоциялы қозуға, яғни сезімнің туу шапшаңдығына, екінші жағынан олардың күшіне байланысты болатын белгілі бір адамға тән психикалық ерекшеліктердің жиынтығы".

Темперамент қасиеті биологиялық, әрі туа біткен қасиет болғандықтан көбінесе индивидтік ерекшелік болып табылады.

Неміс философы И. Кант темпераментті екіге бөліп қарастырды:

- 1) Сезім темпераменттері-сангвиник пен меланхолик;
  - 2) Іс-әрекет темпераментіне барлық темперамент түрлері
- Неміс психологы В.Вундт темпераментті екі топқа бөлген

- 1) Эмоциясы күшті темпераменттер.
- 2) Эмоциясы әлсіз темпераменттер.

В.Д.Небылицин темпераменттің үш негізгі компоненттерін бөліп қарастырды. Олар: индивидтің белсенділігі; оның қимылы; эмоциялығы.

Сангвиник- қызу қанды, іскер адам. Қимыл-қозғалысқа белсенді. Адамдармен тез тіл табыса алады. Сангвиник-ойға жүйрік, өткір тілді, әр түрлі, көпқырлы жұмысты тез атқарады. Сангвиник жаңаны тез қабылдағыш, зейінді келеді. Өмір жағдайының өзгеруіне тез бейімделеді.

Меланхолик- аса сезімтал, тез жараланғыш. Ол тұйық, адамдардан оқшау жүргенді жақсы көреді. Үйреншікті, жақсы, тату-тәтті ұжымда меланхолик өзін жақсы сезінеді, жақсы ұстайды. Бұл ұжымда жұртпен жақсы қарым-қатынас қатүсіп, алған ісін ісін нәтижелі орындап, табандылық көрсетеді.

Холерик- аса қозғалғыш, ұшқалақ. Қарым-қатынаста күйгелек, бірбеткей, іс-әрекеті пысық. Оларайналысқан ісін жан-тәнімен істеуі мүмкін. Алдына қойған мақсатына жетуге тырысып бағады, бірақ алдынан өте қатты кедергі кездесе оны ары қарай жалғастыруға сенімі болмай да қалады. Өзінің мүмкіндігіне сенімі кетсе,

еңсесітүсіп, ешнәрсегекөңілбөлмейқояды. Денеқимылдары тез жәнежігерлі, қызбакеледі. Бірсөзбенайтқанда, ұстамсыз адам.

Флегматик- барлықуақыттабайсалды, ұстамды, бірқалыпты, табанды, төзімді. Флегматик-салмақтыадам, олкүшінбосқажібермей, бастағанісінаяғынадейінжеткізеді. Адамдарменқарым-қатынастабірсарынды. Баяулық пен селқостықоныңосалжағы. Ұзақуақытжұмыс істеугетөзімді. Оларжұмыстаұсақ-түйеккекөңілаудармайды.

**Мінез** - адамның негізгі өмірлік бет алысын және оның өзіндік әрекетінің айырмашылығын сипаттайтын сапалы өзгешелік. Мінез дегеніміз - адамның белгілі жағдайларда жасайтын тәсілдік әрекеттерін сипаттайтын тұрақты даралық ерекшеліктердің бірлігі

Мінез - әрбір адамның жеке басына тән өзіндік психологиялық қасиеттер мен ерекшеліктердің жиынтығы. “Мінез” деген психологиялық қасиеттің төркіні гректің “charakter” деген сөзінен шыққан. Мағынасы – із қалдыру, таңба. Мінез дегеніміз гректің “charakter” деген сөзінен шыққан. Мағынасы – із қалдыру, таңба. Мінез ерекшеліктері – адамның даралық өзіндік психикалық қасиеттері. Адам мінезінің даралық ерекшелік екендігін ғылым тарихында тұңғыш рет сипаттап жазған ертедегі грек философы Теофраст (б.з.д. IV-III ғғ). Бірақ, ол мінезді адамның адамгершілік сапасына тән қасиет дейді.

Еңбек тәрбиесі, физикалық тәрбие, өзі-өзі дамыту, адамгершілік-этикалық тәрбие, әдеттер тұлғаның өмір жолын ұйымдастыруға түрткі болады. Қоғамдағы мәдени құндылықтар, идеологиямен, ұлы тұлғалардың өмір жолы, қоғамдық пікір және қоғамдағы жалпы пікірлер, әдебиет, теледидар, кино, театр ақпараттары тұлғаның дүниетанымын дамытады.

#### **Адамның өмірін өзгертетін негізгі факторлар:**

1. Физиологиялық (жыныс, темперамент);
2. Әлеуметтік тәрбие, мәдениет, отбасы, мектеп, ұжым;

#### **Тұлғалық өзін-өзі дамыту, өзі-өзі тәрбиелеу болып табылады**

К.Кречмердің мінезді жіктеуі: Астеникалық – грек тіліне аударғанда “әлсіз” деген мағынаны білдіреді. Олар бала кезінен өте нәзік және сезімтал болып келеді. Нәзік, арық, ұзын, кішкене иықты, беті ұзын, жіңішке, бозарып тұрады.

Атлеттік – грек тілінен аударғанда “күрескер” дегенді білдіреді. Бұлшық еттер мен қаңқалары жақсы дамыған, толық, мықты, ұзын, кең иықты.

Пикниктік тип – грек тілінен аударғанда “тығыз” деген мағынаны білдіреді. Толық, орта бойлы, үлкен қарынды, қысқа мойынды. Беті кең, жұмсақ, домалақ болып келеді.

Дипластик – дене бітімі дұрыс қалыптаспаған адам. Э.Кречмер алдыңғы дене бітімінің түрлеріне сәйкестендіре отырып, жеке адамның үш түрін көрсетеді: Шизотимик – астеникалық дене бітім. Тұйық, көп ойланғыш, жаңа ортаға тез үйренбейді, сезімтал болып келеді. Психикалық бұзылыс кезінде шизофриниктерді еске түсіреді. Мінез – қылықтарында аристократтық, сезімнің әлсіздігі, суықтық және билік құмарлық бар.

Циклотимик – пикниктік дене бітім. Эмоциясы тез өзгереді, айналасындағылармен еркін араласады. Көңілді, көп сөйлегіш, күшті, ашық, әзілге жақын және өмірді жеңіл қабылдайды.

Истотимик – атлеттік дене бітім. Тыныш, өз-өзіне сенімді, сезімге көп берілмейді, ортасының ауысқанына қиын үйренеді. Психикалық күйзелісте эпилепсияға ұқсайды.

Шелдон концепциясы: 1. Эндоморфты түрдегі адамның дене құрылысы әлсіз, май клеткалары басым. 2. Мезоморфты түрдегі адамның дене құрылысы мықты, әдемі, бұлшық еті күшті. 3. Эктоморфты – дене құрылысы әлсіз, кеудесі қушық, бұлшық еті әлсіз, аяқ – қолы ұзын.

**Қабілет.** Қабілеттің негізін нышан құрайды. Нышан - қабілет дамуының алғышарты болып табылады. Нышанға мидың анатомиялық-морфологиялық және физиологиялық қасиеттері ғана емес, сонымен бірге олар тікелей және жанамалы түрде тұқымқуалаушылықпен байланысты психикалық процестерде жатады.

Қабілет дегеніміз – қандайда бір іс-әрекетті жақсы, нәтижелі орындауда бір адамды екіншісінен ерекшелендіретін жеке дара психологиялық ерекшеліктер болып табылады. Олар жалпы және арнайы қабілеттер болып бөлінеді.

**Арнайы қабілеттер** – белгілі бір іс-әрекет түріне деген қабілетті білдіреді (математикалық, музыкалық, педагогикалық қабілеттер және тағы басқалар).

**Жалпы қабілеттер** – бұл арнайы қабілеттерді дамытуға деген қабілеттер. Б.М. Тепловтың анықтамасы бойынша, қабілет дегеніміз – қандайда бір іс-әрекетті жақсы, нәтижелі орындауда бір адамды екіншісінен ерекшелендіретін жеке дара психологиялық ерекшеліктер болып табылады. Қабілет жайлы сөз қозғағанда мыналарды ескерген жөн: қабілеттер адамды бір-бірінен ерекшелейді.

Б.М. Тепловтың пікірінше қабілеттің маңызды белгісі өнімді іс-әрекеттің өзіне тән жеке даралығынан, тәсілдердің ерекше болуынан көрінеді. Қабілеттер іс-әрекетті сәтті орындауға ықпал етеді. Кейбір зерттеушілер, мысалы Н.А. Менчинская бұл орай да қабілетті білім, іскерлік, дағдыны меңгерудің нәтижесіндегі жетістік деп қарастырады. Қабілеттің көмегімен қалыптасқан іскерлік пен дағдыны жаңа жағдайға ауыстыруға болады.

Сондықтан жаңа міндет адамның психикалық қасиеттерінің талабына сай, іс-әрекеттің тәсілдеріне ұқсас болуы керек.

Дарындылық қандай да әрекеттің табысқа жету мүмкіндігін ғана анықтайды, осы мүмкіндікті іске асырылуы лайықты қабілетті қандай өлшемде дамытады және қандай білім мен дағдыны игере алатынын анықтайды.

Талант (гр. *talanton* — бастапқыда салмақ, өлшем, кейіннен ауыспалы мағынада — қабілеттер деңгейі) — қабілеттердің ең алдымен, арнайы қабілеттердің дамуының биік деңгейі.

Талант деп - қандай да бір іс-әрекеттің, әсіресе табысты, дербес түрде шешілуіне жағдай жасайтын аса үздік қабілеттіліктердің ұштасуын атайды.

Қабілет дамуының жоғары деңгейі данышпандық деп аталынады. Данышпандық туралы адамның шығармашылық жетістігі қоғамдық өмірде, мәдениет дамуында бүтін дәуірді құрастырғанда айтылады. Қабілеттің ойдағыдай дамуы адамның белгілі білім жүйелері негізінде яғни интеллектіге байланысты. Қабілетте шығармашылық түрде даму ерекше орын алады.

Қазіргі уақытта адам үшін интеллектінің маңызы шығармашылық түрде даму. «Шығармашылық» деген сөздің төркіні, этимологиялық «шығару», «ойлап табу» дегенді білдіреді. Жалпы интеллект табиғатында бірер нәрсеге қабілеті жоқ адам болмайды.

**Интеллект** (латын тілінде «intellectus» – түсіну, таным деген түсінікті білдіреді). Адам интеллектісінің басты сапаларына алғырлық, байқағыштық, логикалық дәйектілік, ойдың тереңдігі мен кеңдігі, бейімділігі мен белсенділігі жатады. Интеллект танымның негізгі формасы болып табылады.

**5-дәріс бойынша тексеру сұрақтары, сұрақтарға жауап беріп өз біліміңізді бекітесіз:**

- 1.Темперамент туралы жалпы ұғым
- 2.Темперамент түрлері
- 3.Мінез туралы жалпы түсінік
- 4.Мінез бітістері
- 5.Қабілет және оның түрлері
- 6.Қабілет деңгейлері

**Ұсынылатын әдебиеттер:**

**Негізгі:**

1. Белоус В.В. Темперамент и деятельность. – Пятигорск, 2010
2. Петровский А.В. – Введение в общую психологию. – М. 2009
3. Тәжібаев Т. «Жалпы психология» Алматы 1998 жыл

**Қосымша әдебиеттер:**

- 1.«Қызықты психология» Республикалық ғылыми-практикалық, танымдық-психологиялық журнал. 2013 жыл №4 10-бет

**Интернет ресурстар:**

- 1.<http://www.psychology.ru>
- 2.<http://www.flogiston.ru>
- 3.[http://www.colorado.edu/VC Research/integrity/human research/CITI.htm](http://www.colorado.edu/VC%20Research/integrity/human%20research/CITI.htm)
- 4.Cyber Bear (<http://cvberbear.umt.edu>)
5. [hs.umt.edu](http://hs.umt.edu) > psychology